

2024 жылға арналған Глубокое ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 маусымдағы № 12/8-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 маусымда № 9031-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" заңының 7-1-бабына, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. 2024 жылға Глубокое ауданы бойынша аудандағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде туристік жарна мөлшерлемесі бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое аудандық мәслихатының төрағасы

А. Калигожин